



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

негізінен еуропалықтардың күшті әсері болған елдерде айрықша дамыған, бірақ туризмнің бұл түрі бірде бір ағылшынсаксон немесе Скандинавия елінде дамымаған. Тіпті Еуропада сауықтыру туризмінің негізгі ареалы жағажайлық немесе биіктаулық курорттарды қамтиды. Мұндай нысандар, сәйкесінше, шетелдік туристерді тартпайды. Тек Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азияда аталған биіктаулы емдік курорттар ірі ұлттық рекреациялық орталықтардың дамуына әсер ете алды. Отандық және жақын шет елдік туристерге танымал Сарыағаш, Жаңажол курорттары. Сондай-ақ бұл топта Қазақстандық ең эксклюзивті орталық ретінде Шығыс Қазақстандағы пантылық емдеу орталықтарын дамытудың маңызы зор.

Осылайша, туристік-рекреациялық әлеуетке ие, сол арқылы туристердің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін арнайы территориялар мен нысандарды туристік орталықтар деп қарастырамыз. Көп жағдайларда туристік орталықтардың дамуына ондағы табиғи және басқа да туристік ресурстар туралы ақпараттың кең таралуы негізгі себепші болады, яғни туристік орталық индивидтің рекреациялық ресурсқа қатысты барлық мотивтерін байланыстыратын қызығушылықтардың интегралдық символын ұсынады.

Өзіндік ерекшеліктері бар Қазақстан бәсекелестік туризм индустриясын құруға үлкен мүмкіндіктері бар. Германия, Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея мен Жапон елдерінде жүргізген зерттеу мен сауалнамалар (10000 үлгі шамасында) бойынша, шетелдік азаматтар арасында Қазақстандық турларға жоғары қызығушылық білдіргенін анықтаған. Зерттеулер нәтижесінде 14,2 миллион турист Еуропа мен Азия тұрғындары Қазақстанға туристік нысан ретінде үлкен қызығушылық танытты. Қазақстан үлкен территорияны алып жатқандықтан, оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысы бір-бірінен ерекшеленеді. Рекреациялық ресурстарға бай. Осы бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, елімізде танымал туристік орталықтарды қалыптастырудың маңызы зор.

Қолданылған әдебиет

1. Зорин И.В., Квартальнов В.А. Энциклопедия туризма/ М: Финансы и статистика, 2013
2. Ердаuletов С.Р., Подвалов А.Ю., Титова М.А. Туристский кластер и проблемы формирования индустрии туризма Республики Казахстан // Матер.ІІІ междунар.науч.-практ.конф. «География туризма: актуальные вопросы теории и практики». – Алматы, 2007. – С.5-10.
3. Кусков А. С., Голубева В. Л., Одинцова Т. Н. Туристские центры: Понятие, типология и методика оценивания. // Рекреационная география

ОӘЖ 338.482.1(574)

ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫНДА СПЕЛЕОТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумалиева Г., Орынбаева А.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Турысбекова Г.К

Туризм ел экономикасына елеулі өзгеріс әкелетін негізгі тетіктердің бірі. Ол экономикалық құбылыс ретінде индустриалды нысанға айналып, ұлттық экономиканың даму катализаторы болып табылады. Туризм индустриясы тиімділігінің жоғары деңгейімен және оған салынған инвестицияның тез қайтарымдылығымен сипатталады. Қазақстан Республикасының Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 27-ші қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасын дамытудағы туризмнің ықпалын: «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағынын әртараптандыру болып табылады. Оларды перспективалы салаларға, мысалы, туризм саласына бағыттау қажет. Дамыған елдерде туристік кластердің

үлесіне ЖІӨ-нің 10 пайызына дейіні тиесілі. Бізде 1 пайызға да жетпейді. Тұтастай ел бойынша туризм өсімінің нүктелерін зерттеу қажет, олар аз емес...»- деп айтып кеткен болатын.

Туризм саласын дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешуге болатындығы, яғни экономикалық өрлеуде еліміздің дамуы, сонымен қатар, қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды тиімді сақтау үшін, туризмнің қаншалықты маңызды сала екендігі мәлім. Қазақстандағы туризм саласының даму коресткіштеріне талдау жүргізсек. **2013 жылдың қыркүйек айындағы статистикалық мәліметтерде Қазақстанда** сырттан келу туризмі 4 млн. 219 600 адамды, сыртқа шығу 6 млн. 732 700 адамды құрады. Яғни, қазіргі таңда Қазақстанның туризм саласы жоғары қарқынмен дамуда [1].

Қазақстанда спелеотуризмді дамытуға мүмкіндік беретін ресурстар көп болғанымен спелеотуризм дамымаған. Оны дамытудың мәселелерін толық қарастыру үшін, спелеотуризмге кеңінен тоқталып өтейік

Спелеотуризм – үңгірлерде, әр түрлі жер бедерінің күрделі лабиринттер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төменгі температура мен жоғары салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Өз бойында тау және су туризмі техникасы элементтері мен құрал-жабдықтарын біріктіреді. Сондықтан арнайы дайындықты талап етеді [2].

Спелеотуризмге мына әсер етуші факторларды атап көрсетуге болады:

- елді - мекендегі спелеотуристтік ресурстардың қайталанбас бейнесі;
- спелеотуризм ресурстарының, яғни үңгірлердің адам денсаулығына тигізер оң әсерінің болуы (түрлі ауру – сырқаулардан айығуы)
- туристерге арналған нақты артықшылықтар;
- табиғи бастаманың басымдылығы;
- экономикалық тиімділік;
- мамандандырылған маркетинг[3];

- жергілікті архитектуралық стильмен үйлесімділік спелеотуризмнің дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, бұл өңірде агротуризмді дамытудың ерекше мүмкіндіктері бар. Атап айтқанда, жергілікті халықтың құсбегілік, аңшылық, саятшылық, балық аулау кәсіптерімен айналысуы және төрт түліктің барлығымен, яғни мал шаруашылығымен айналысуы және егін шаруашылығымен айналысуы


Спелеотуризм өзге мемлекеттерде дамығанымен, бірақ Қазақстанда кенже дамып келе жатқан туризм саласы. Әлемде спелеотуризм жақсы дамыған елдер көп, мысалы, «Қызықты мың үңгірлі» аттанған Израиль. Оны спелеотуризмнің дамыған ортасы деп айтумызға болады. Қазақстанда спелеотуризм ресурстары, яғни үңгірлер саны көп болғанымен, дамыған спелеотуризм ошақтарын табу қиын. Дегенмен де, бұл саланың дамуының экономикалық маңызылығы зор болар еді. Бұл сала зерттелмеген үңгірлерді ашуға, дамытуға және де жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Шет ел зерттеушілерінің айтуынша, спелеотуризм адамдарды сабырлылық, тәубешілік, сергектік қасиеттеріне баулайтын көрінеді. Сонымен қатар, спорттық туризмнің бір саласы болып табылатын спелеотуризм экстрималды жаны қалайтын жастардың сұранысын арттыраы сөзсіз еді. Соңғы уақытта спелеотуризм спортшылар және туристер арасында танымал туризм түрі болып табылады.

Қазығұрт тауының географиялық орналасу орны, климаты, туристік ресурстардың көптігімен ерекшеленеді. Соның бірі спелеотуризмнің негізі – Үңгір әулие немесе Қазығұрт үңгірлері. Қазығұрт тауының Алмалық деп аталатын солтүстік шығыс өркешінде Үңгір әулиесі бар. Бұл киелі үңгір бөлме-бөлме болып кете береді. Оның ақыр соңы кәрі Сайраммен жалғасатын жер асты жолымен ұласады. Мұндағы үңгірлердің саны да, құпиясы да, тарихы да көп. Сонымен қатар, бұл үңгірлер жайлы «Тіршілік бастауы –Қазығұрт», «Наурыз –Қазығұрттан басталады», «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған» деген аңыз-әңгіме, шежірелер бар. Және де Қазығұрт тауы маңынан Динозавр

сүйегінің табылуы да туристерді қызықтыруы мүмкін. Сондай-ақ, Қазығұртта киелі үңгірлердің көптілігімен қатар, түрлі емдік қасиетімен де белгілі. «Айдаһар ұясы» аталатын үңгірге кіруге көп адамдардың жүрегі дауаламайтын көрінеді. Ал мұнда кірген адам түрлі ауруларынан, айталық, қан қысымы, буын ауруларынан айығатын көрінеді. Дүние жүзіндегі ең танымал Флинт-Мамонтова (Аппалачи тауы, АҚШ, 563 км); Оптимистикалық (Подольская возвышенность, Украина, 207 км) және Еуропадағы ең үлкен "Красная пещера" (17 км) сияқты үңгірлер өзінің әдемілігімен, тұздылығымен, мәрмәрлығымен ерекшеленсе, Қазығұрт тауы үңгірлері шипалы суымен ерекшеленеді. Үңгір ішіндегі «Тамшы су» соған куә бола алады. Сонымен қатар, Қазығұрт тауының «Ұлы Жібек жолы» бойында орналасуы туризмнің дамуына негіз бола алады.

Қазығұрт тауында спелеотуризмнің дамуы әлемдік экономиканың мәселелерін шешумен қатар, әлеуметтік, экологиялық, сондай-ақ жеке елдердің ұлттық мәдениеті мәселелерін де қамтиды:

- ішкі және кіру туризмінің дамуы
 - жалпы әлемдік экологиялық мәселелерінің және табиғатты қорғау салаларының шешілуі;
 - қоғамдық мәселелердің шешілуі (кедейшілік, жұмыссыздық)
 - ауыл шаруашылық өндірісінің әртараптануы және ауылдық аумақта табысты тауар және қызмет өндірісімен айналысу;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру [3];



Сурет-1. Оңтүстік Қазақстан облысы

Қазығұрт тауындағы туризмнің ерекшелігін және өзекті мәселелерін 1-кестеден көре аламыз.

Кесте 1– Қазығұрт тауында спелеотуризмді дамыту жолдарының мықты және әлсіз жақтары

Интеграцияның стратегиялық тиімділігі	
Артықшылықтары	Өзекті мәселелері
Қазығұрттың геосаяси тұрғысынан ыңғайлы жерде орналасуы;	Қазақстан жөнінде потенциалды туристерде ақпараттың аздығы.
Туристік ресурстардың молдығы (үңгірлер, емдік сулар т.б.)	Туристік-рекреациондық объектілердің моральдық және физикалық ескіруі

Қазығұрт тауының Ұлы Жібек Жолы бойында орналасуы	Маркетингтік жүйенің дұрыс дамымағандығы. Телекоммуникация торын, байланыс қызметтерінің әлсіз дамығандығы.
Келу туризмін кеңейту арқылы шетел валютасының Қазақстанға (Қазығұртқа) келуіне қол жеткізу;	Жоғары салықтық салымдар. Тұрақты сұраныстың болмауы.
Туризм нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің артуы. Жеткізілім көлемінің және табыстың артуы.	Кадрмен қамтудағы әлсіздік. Туризм саласында Қазақстан мамандарының тәжірибесінің аздығы.
«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолының өтуі	Шетел азаматтары үшін визаның қымбаттылығы және келу визаларын тіркеу процедурасы, кедендік процедуралардың күрделілігі
Саяси тұрақтылық пен экономикалық даму;	Тауар-транспорттық операцияларда маманданған басшылықтың болмауы.

Қазығұртта қазіргі кезге дейін спелеотуризмнің толық жүйесі жоқ, сондықтан да, туристерді барлық керекті жабдықтармен, жарнамамен, сауда қызметімен, көлікпен, қонақ үйлерге орналастырумен, тамақтандырумен қамтамасыз етумен байланысты сұрақтар өз шешімін таппай отыр. Спелеотуризмнің дамуының жеткіліксіздігінің тағы бір себебі – туризмді дамытуға қажетті факторлардың ғылыми негіздемелерінің жоқтығы. Біліктілігі жоғары мамандарсыз спелеотуризм саласын дамыту мүмкін емес.

Спелеотуризм туристерді қызықтырып, елге ұлттық табыс ретінде валюталық ресурстарды тартатын болғандықтан, оларға белгілі бір жеңілдіктер қарастырылуы тиіс.

Спелеотуризмді дамыту арқылы табиғи объектілеріміз (үңгірлерімізді) зерттеп, ондағы ландшафты қорғауға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, Қазығұрт туралы жоғарғы тиімділікті жарнама жасап, географиялық карталар, жақсы орындардың фотосуреттері, аңыз-әңгіме, шежіреге байланысты видеофильмдер түсіру, буклеттер мен брошюралар жасап, шоулар ұйымдастырып, Қазығұрттағы спелеотуризмді дамытуға және бәсекелестіктің күшеюіне мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар, көшпелілер дәуірі, мәдениеті қайта жаңғырып, салт – дәстүр, әдет- ғұрпымыз сабақтасып жатса шетел туристерінің қызығушылығын арттырады сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 27.01.2012ж.
2. www.stat.kz.
3. Денисенко В.В. Современное состояние и перспективы развития агротуризма в крыму // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. 2011 жыл - №1

УДК 338.48

ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТУРИЗМЕ

Загопарова Зарина Талгатовна

Студент ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан

Научный руководитель: Шаимова А.Н.

Инновация представляет собой комплекс действий и его практический результат по использованию достижений научной и научно-технической деятельности в конкретной области науки, техники, технологии, организации в целях совершенствования характеристик объекта управления. Таким образом, инновации отражают процессы получения, накопления